

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 88 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 18 қаңтарда № 6737 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 02.05.2018 № 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және өзге заңмен қорғалатын құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды, атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалау тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11, 18-баптарын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулық бекітілсін.

2. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2169 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені, 2003 ж, № 14, 837-құжатта жарияланған) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Атқару өндірісінің заңдылығын прокурорлық қадағалау туралы" 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 79 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Бұйрық Бас әскери прокурорға, Бас көлік прокурорына, облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорларына, қала, аудан, әскери, көлік және мамандандырылған прокурорларға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы ғылыми және басқа мекемелердің басшыларына жіберілсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне (бұдан әрі - АПК), Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы", "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының" (әрі қарай - Заң) заңдарына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес әзірленген және азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер, қылмыстық істердің мүлкітік өндіріп алу бөлігі бойынша, сондай-ақ Заңның 9-бабында көзделген өзге де атқарушылық құжаттар бойынша атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды реттейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалаудың міндеттері азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың конституциялық және өзге заңмен қорғалатын құқықтарын, бостандықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сот актілерінің міндеттілігі принципін бұлжытпай сақтау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықты алдын алу болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Соттарда мемлекет мүддесіне өкілеттік жасау департаменті (бұдан әрі – Департамент), облыс прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, аудандық, қалалық және оған теңестірілген әскери және басқа да арнайы прокуратуралар атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органның, оның аумақтық органдарының және олардың лауазымдық тұлғаларының, жеке сот орындаушыларының актілері мен әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын тексеру және олар заңсыз болған жағдайда прокурорлық қадағалау актісін енгізу,

соттардың атқарушылық іс жүргізу саласындағы азаматтық істерді қарауына қатысу, сот актілерінің заңдылығын тексеру және олар заңсыз болған жағдайда наразылық келтіру арқылы атқарушылық іс жүргізу заңдылығына тұрақты және тиімді қадағалауды қамтамасыз етеді, атқарушылық іс жүргізудегі заңдылық жағдайын жүйелі түрде талдайды.

Қадағалау функцияларын тиімді атқару және заң бұзушылықтарға жедел шара қолдану мақсатында прокурорлар өз қызметінде Құқық қорғау және арнайы органдарының ақпараттық алмасу жүйесін, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Бірыңғай сәйкестендірілген статистикалық жүйесін және басқа да ақпараттық ресурстары мен жүйелерін, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін пайдаланады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

3-1. Департаментте, облыс прокуратураларында, Астана, Алматы қалалық және оған теңестірілген прокуратураларда жұмыс, заңдылықтың жағдайын болжамдау, атқарушылық іс жүргізудің өзекті санаттары бойынша прокурорлық тәжірибені жүйелі түрде талдап, оның нәтижелері жұмыс топтарында, жедел және алқа мәжілістерінде қаралып, жүзеге асырылып жатқан қадағалаудың тиімділігін арттыру бойынша нақты шараларды қабылдау мақсатында аумақтық-пәндік ұстаным бойынша ұйымдастырылады.

Пәндік ұстаным бойынша жұмыс, атқарушылық іс жүргізудің өзекті санаттарын анықтау және қолданыстағы заңнаманы, қадағалау қызметінің нысаны мен әдістемесін жетілдіру мақсатында заңдылық пен прокурорлық қадағалау жағдайына жүйелі түрде талдау жасайтын, жауапты тұлғаларды бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Пәндік бағыттарды белгілеу барысында аймақтың заңдылық жағдайын және ерекшеліктерін ескеру қажет.

Прокурорлардың мамандандырылуы прокуратураның жұмысын жоспарлау, талдау мен шолу жасау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде есепке алынады.

Аймақтық ұстаным атқарушылық іс жүргізуге қадағалауды жүзеге асыратын прокурорларға аумақтың заңдылық жағдайына талдау және мониторинг жүргізу мақсатында белгілі бір аумақты бекітуден тұрады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

4. Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру барысында прокуратура органдары қызметінің басым бағыттары:

атқарушылық іс жүргізуде денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты өзін дербес қорғай алмайтын жеке тұлғалардың конституциялық құқықтары мен мүдделерінің сақталуын;

атқарушылық іс жүргізуде мемлекет мүдделерінің сақталуын қадағалау болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокуратураларында және оларға теңестірілген прокуратураларда атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру

5. Атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органның, оның аумақтық органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының, жеке сот орындаушыларының актілері мен әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) заңдылығын тексеруді атқарушылық іс жүргізу құжаттарын зерделеу, тікелей атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органда және оның аумақтық бөлімшелерінде, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдарда тексеру жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Аумақтық прокурорлар өзінің орналасқан жерінде, осы Нұсқаулықпен атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органның аумақтық бөлімшелері орналасқан жердегі арнайы прокурорлардың қарауына жататын санаттарды қоспағанда, барлық атқарушылық құжаттар бойынша аумақтық бөлімшелерінде және жеке сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізу заңдылығына қадағалауды қамтамасыз етеді.

Арнайы мамандандырылған әскери прокурорлар орналасқан жері бойынша қылмыстық (мүліктік өндіріп алу бөлігінде), азаматтық істер бойынша әскери соттармен шығарылған, сонымен қатар әскери прокурорлардың, Қарулы күштер ұйымдарының, басқа да әскерлердің немесе әскери құралымдардың бастамасы бойынша не олардың қатысуымен қаралған қылмыстық (мүліктік өндіріп алу бөлігінде), азаматтық және әкімшілік істер бойынша өзге де соттармен шығарылған атқарушылық іс жүргізу құжаттары бойынша атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, жеке сот орындаушыларының актілерінің, әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңдылығына қадағалауды қамтамасыз етеді.

Арнайы мамандандырылған көлік прокурорлары өздерінің орналасқан жері бойынша атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша үкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, жеке сот

орындаушыларының актілерінің, әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңдылығына, сотпен атқарушылық құжаттары жазылған төмендегі:

көлік прокуратуралармен қозғалған (мүліктік өндіріп алу бөлігінде) немесе соттармен олардың қатысуымен қаралған, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру көліктегі ішкі істер органдарымен жүргізілген қылмыстық істер бойынша;

даудың мәні көлік инфрақұрылымының объектісі немесе тараптың бірі ретінде темір жол, автокөлік (жолаушыларды, жүктерді және багаждарды халықаралық автомобильдік тасымалдау бөлігінде), теңіз, ішкі сулар, әуе, қалалық рельстік және магистральдық көлік құбыры, космос жүйесі ұйымдары, сондай-ақ аталған нысандар мен субъектілерге өздерінің өкілеттігін іске асыратын мемлекеттік органдар және көлік прокуратурасы болып табылатын, жергілікті және арнайы мамандандырылған экономикалық соттармен қаралған азаматтық істер бойынша;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуі көлік прокурорларының немесе темір жол, автокөлік (жолаушыларды, жүктерді және багаждарды халықаралық автомобильдік тасымалдау бөлігінде), теңіз, ішкі сулар, әуе, қалалық рельстік және магистральдық көлік құбыры, космос жүйесі ұйымдарына қатысты өкілеттіктерін іске асыратын уәкілетті органдардың бастамасы бойынша қозғалған, жергілікті және арнайы мамандандырылған әкімшілік соттарда қаралған әкімшілік істер бойынша қадағалауды қамтамасыз етеді.

Арнайы мамандандырылған табиғатты қорғау прокурорлары өздерінің орналасқан жері бойынша табиғатты қорғау прокурорының бастамасы бойынша қозғалған не олардың қатысуымен қараған қылмыстық (мүліктік өндіріп алу бөлігінде), азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотпен шығарылған атқарушылық құжаттар бойынша атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының актілерінің, әрекетінің (әрекетсіздігінің) заңдылығына қадағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Прокурордың талап қоюы (арызы) негізінде берілген атқарушылық құжаттың орындалу заңдылығына қадағалауды оның орындалу орны бойынша прокуратура жүзеге асырады, ал осы жұмыстың үйлестірілуі және бақылауы (есепке алынуы), орындалу орнына қарамастан (атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура органдарының бөлімшесімен не қызметкерімен), осы талап қоюды (арызды) ұсынған прокуратурамен қамтамасыз етіледі.

Қадағалау қызметі барысында мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының, жеке және заңды тұлғалардың тарапынан заң бұзушылықтарды

анықтаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген прокурорлар, оларды, сондай-ақ, заңды бұзуға әкеп соққан себептер мен жағдайларды жоюға және кінәлі тұлғаларды заңда көзделген жауапкершілікке тарту туралы шаралар қолданады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

6. Прокурорлар мынадай жағдайларда азаматтық процеске қатысады және істер бойынша қорытынды береді:

прокурордың арызы бойынша шығарылған сот актісі негізінде қозғалған атқарушылық іс жүргізу жөніндегі атқарушылық әрекеттерге немесе оның талаптарын мәжбүрлеп орындау туралы прокурор қаулысына дау айтылғанда;

атқарушылық іс жүргізудің бір тарапы денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты өзінің құқықтары мен заңды мүддесін дербес қорғай алмайтын жеке тұлға немесе мемлекеттік мекеме болғанда;

өндіріп алушымен немесе борышкермен, сонымен қатар үшінші тұлғалармен атқарушылық іс жүргізу органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының актілері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтылғанда;

мемлекеттің пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтылғанда.

Прокурордың бастамасымен қозғалған іс бойынша қорытынды беру талап етілмейді, қабылданған сот актілерімен келіспеген жағдайда прокурор апелляциялық, кассациялық шағымдар беруге құқылы.

Азаматтық іс жүргізудің барлық сатыларында аталған істерге қатысқан прокурорлар өздерінің ұстанымын қатаң заң талаптарына, істің материалдарына сәйкес анықтайды, оны заңдылық, барлығының заң және сот алдында теңдігі принциптерін басшылыққа ала отырып дәйекті қорғайды.

Қатысушы прокурор істің материалдарымен танысу нәтижелерін жоғары тұрған прокурорға немесе оның орынбасарына алдын-ала баяндайды, соңғылар іс бойынша қорытындыны бекітеді.

Прокурордың қорытындысы жазбаша түрде дайындалады және онда мыналар көрсетіледі: істің атауы; тараптар; мәлімделген талаптардың мәні; талапкер мен жауапкер сілтеме жасайтын мән-жайлар; прокурордың тараптар ұсынған дәлелдер бойынша олардың қатыстылығы, жол берілетіндігі, растығы және жеткіліктілігі тұрғысынан пікірі; қолданылуға жататын материалдық және іс жүргізу құқығының нормалары; мәлімделген талаптардың мәні, сот шығындарын бөлу бойынша прокурордың тұжырымы.

Азаматтық істің материалдарына қоса тіркеу үшін бірінші сатыдағы сотқа іске қатысқан прокурордың жазбаша түрде мазмұндалған және қолы қойылған қорытындысының тек уәждеу және қарар бөліктері беріледі.

Сонымен қатар апелляциялық және кассациялық тәртіппен қарауға жататын іс бойынша қорытындыда мынадай мәліметтер көрсетіледі: судья (баяндамашы, алқа құрамы), қайта қарауға жататын сот актілерінің мазмұны, соттың ұстанымы; қатысқан прокурорлар және қорытындылардың қысқаша мазмұны; шағым (өтінішхат) иесінің дәлелдері; істі зерделеу нәтижелері; шағымның (өтінішхаттың) мәні бойынша тұжырымдар.

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар тарапынан заңдылықты бұзушылық анықталған жағдайда прокурор сот алдында жеке ұйғарым шығару туралы өтініш жасайды, бұл бойынша қосымша тексеру жүргізуге шаралар қабылдауға және кінәлі тұлғаларды заңда белгіленген жауаптылыққа тарту мәселесін шешу үшін және заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында жазбаша немесе электронды құжат түрінде жоғары тұрған прокурордың назарына жеткізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Апелляциялық тәртіпте прокурорлар атқарушылық іс жүргізу қатысушыларының, сондай-ақ үшінші тұлғалардың даулары бойынша шығарылған азаматтық істер бойынша заңға сәйкес келмейтін сот актілеріне наразылық білдіреді.

Осындай істер бойынша апелляциялық наразылық АПК-нің 427-бабының бірінші бөлігінде белгіленген күшін жоюға немесе сот шешімін өзгертуге негіздер болған жағдайда ғана келтіріледі және АПК-нің 404-бабының талабына жауап беруі керек.

Осындай істер бойынша апелляциялық наразылықты сот негізсіз қанағаттандырусыз қалдырған жағдайда, сонымен қатар істерді қарау кезінде соттар материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын едәуір бұзған жағдайда прокурор жоғарғы тұрған прокурорға АПК-нің 440, 441 баптарының талаптарына сай келетін жоғары тұрған сот сатысына наразылық келтіру және істі талап ету туралы ұсыныс енгізеді. Ұсынысқа қадағалау, атқарушылық іс жүргізу (олар болған жағдайда) және іс бойынша шығарылған барлық сот актілерінің, келтірілген наразылықтардың көшірмелері қоса тіркеледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Прокурорлар сапалы және заңда белгіленген мерзімде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаментінің (бұдан әрі - САОД), оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының

әрекеттері (әрекетсіздігі) мен актілеріне және атқарушылық іс жүргізу саласындағы сот актілеріне қатысты өтініштерін қарап, шешеді.

Арыз атқарушылық іс жүргізуді, ал қажет болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы азаматтық, қылмыстық істі талап ете отырып шешіледі. Атқарушылық іс жүргізулер прокуратураға түскен сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде зерделенеді, содан кейін қайтаруға жатады.

Прокурор атқарушылық іс жүргізуді зерттеу кезінде сот орындаушымен атқарушылық әрекеттерінің, мемлекеттік бажды, атқарушылық санкцияны бюджетке өтеп алу шараларының, әрекеттерінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 669-бабында және 33-тарауының өзге де нормаларында көзделген құқық бұзушылықтар белгілері көрінетін борышкерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қозғалуының, қылмыстық іс қозғау мәселесін шешу үшін қылмыстық қудалау органдарына сот шешімін орындамайтын тұлғаларға қатысты материалдарды тапсырудың заңдылығын, уақтылығын және толықтығын тексереді.

Атқарушылық іс жүргізуді (істі) зерттеу нәтижесі бойынша прокурор Бас прокуратураның жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіпте тиісінше бекітілетін және қол қойылатын дәлелді қорытындыны және арыз иесіне жауап әзірлейді.

Сот актісіне немесе сот орындаушысының актісіне прокурорлық қадағалау актісі енгізілген жағдайда атқарушылық іс жүргізу (іс) бойынша қорытынды жасалмайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41; өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Атқарушылық әрекеттер жасаудың толық болмауына, атқарушылық іс жүргізу бойынша орындау мерзімдерінің бұзылуына байланысты бұзушылықтарды жою мақсатында прокурор "Прокуратура туралы" Заңның 22-бабы тәртібінде аумақтық бөлімнің басшысы - аға сот орындаушысына, мемлекеттік сот орындаушысына немесе жеке сот орындаушысына жазбаша нұсқау береді. Нұсқауда прокурор белгіленген мерзімде атқарушылық іс жүргізу тараптарының, үшінші тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған нақты атқарушылық әрекеттер жүргізуді талап етеді.

Атқарушылық іс жүргізу тараптарының, үшінші тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін айқын заң бұзушылықтарды жою мақсатында прокурор "Прокуратура туралы" Заңның 24-бабы тәртібінде аумақтық әділет органына, аумақтық

бөлімнің басшысы - аға сот орындаушысына, мемлекеттік сот орындаушысына немесе жеке сот орындаушысына заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым енгізеді. Ұйғарымда бұзылған заң нормаларына нұсқаулар және бұзушылықтарды жою шаралары туралы нақты ұсыныстар қамтылуы тиіс.

Мемлекеттік немесе жеке сот орындаушысы өрескел, жүйелі түрде заң бұзушылықтарға жол берген кезде прокурор "Прокуратура туралы" Заңның 25-бабы тәртібінде аумақтық әділет органына немесе аумақтық бөлімнің басшысы - аға сот орындаушысына, жеке сот орындаушылары аумақтық палатасының басшысына, сәйкесінше, заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыным енгізеді.

Мемлекеттік сот орындаушысы, атқарушылық іс жүргізу органының өзге лауазымды тұлғасы немесе жеке сот орындаушысы тарапынан айқын және өрескел заң бұзушылықтар анықталған жағдайда прокурор өз құзыреті шегінде кінәлі тұлғаны тәртіптік немесе заңдарда көзделген өзге де жауаптылыққа тартуға бағытталған прокурорлық ықпал ету шараларын қабылдайды.

Сот орындаушысы заңсыз қаулы шығарған жағдайда прокурор "Прокуратура туралы" Заңның 19-бабы тәртібінде аумақтық сот орындаушылары бөлімінің басшысына, жеке сот орындаушысына оның күшін жою туралы талап қойып, наразылық енгізеді. Атқарушылық іс жүргізуді заңсыз тоқтата тұрған жағдайда наразылықта сонымен қатар оны дереу қайта бастау және атқару құжатын орындауға шаралар қабылдау туралы мәселе қойылады.

Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратураларда заң бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдарға, заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынымға бірінші басшы немесе оның орнын басатын тұлға, облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларда облыс прокуроры немесе оның орынбасарлары қол қояды. Жазбаша нұсқауға, оның ішінде аудан, қала прокурорының және оған теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокурордың орынбасары қол қоюы мүмкін.

Прокурор "Прокуратура туралы" Заңда көзделген басқа да прокурорлық қадағалау актілерін енгізуі мүмкін.

Прокурорлық қадағалау актілерін орындау оны енгізген прокурордың бақылауында тұрады.

Тексеріс барысында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруі немесе халықтың тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін бұзушылықтар анықталған кезде Заңның 25-бабына сәйкес прокурор өз қаулысымен жеке сот орындаушысының іс жүргізуінен атқару құжатын алып қоюға және оны мемлекеттік сот орындаушысына беруге құқылы. Қабылданған

шара туралы аудандардың, қалалардың прокурорлары мен оларға теңестірілген әскери және басқа да прокурорлар облыстардың, Алматы, Астана қалаларының прокуроры мен оған теңестірілген прокурорды дереу хабардар етеді, олар оның заңдылығы мен негізділігін тексеруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Прокурорлар прокурорлардың талап қоюлары бойынша мемлекет кірісіне, денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды дербес жүзеге асыра алмайтын адамдардың пайдасына ақшалай және өзге де өндіріп алулар туралы атқарушылық құжаттар бойынша жекелеген негіздемелерге сәйкес республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және бұдан әрі пайдалану жұмысын ұйымдастыру бойынша уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің және басқа да мамандандырылған ұйымдардың қызметінде заңдылықтың сақталуын тексереді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

11. Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары кемінде жылына бір рет атқарушылық құжаттардың орындалуы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және олардың атқарушылық әрекеттерді жасауға уәкілеті бар лауазымды тұлғаларының және жеке сот орындаушыларының әрекетінде атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманың сақталуын тексереді. Тексерудің қорытындылары туралы ақпарат Бас прокуратураға тексеру жүргізілгеннен кейінгі айдың 7 күніне дейін тапсырылады.

Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары тоқсан сайын аумақта атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың жай-күйін, сот төрелігін жүзеге асыру және атқару құжаттарын орындау кезіндегі заңдылықтың жай-күйін талдайды. Талдаудың қорытындылары туралы ақпарат Бас прокуратураға есептік кезеңнен кейінгі айдың 7 күніне дейін тапсырылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41; 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

12. Облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар жылдың қорытындылары бойынша мемлекеттің табысына ақшалай және басқа да өндіріп алулар туралы атқару құжаттарының, сонымен қатар, прокурорлардың талаптары бойынша шығарылған сот актілерінің орындалу барысындағы заңдылықтың жай-күйін жинақтап

қорытындылайды. Жинақтап қорытындылаудың нәтижелері туралы ақпарат Бас прокуратураға есептік кезеңнен кейінгі жылдың қаңтар айының 7 күніне дейін тапсырылады.

3. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру

13. Департамент атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың өтініштерін қарау, кассациялық наразылықтар келтіру туралы өтінішхаттарды қарау, САОД, Республикалық жеке сот орындаушылары палатасының (бұдан әрі – Республикалық палата), жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін тексеру, атқарушылық іс жүргізудегі заңдылықтың жай-күйін талдау арқылы атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын Бас прокуратура тексереді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер бойынша сот алқасының қарауына тағайындалған азаматтық істерді зерттеудің нәтижелері бойынша департаменттің прокурорлары, Бас Прокурордың жетекшілік ететін орынбасары бекітетін дәлелді қорытындылар жасайды. Қорытынды осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген талаптарға сәйкес жасалады.

Департамент Жоғарғы Сотпен атқарушылық іс жүргізуге байланысты прокурорлардың қатысуымен қаралған істер бойынша сот актілерінің, оларды қарау кезінде берілген қорытындылардың, сонымен қатар, жүргізілген тексерулердің, енгізілген және қаралған прокурорлық қадағалау актілерінің есебін жүргізеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Департамент мерзімді түрде: САОД, Республикалық палатаның, жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін тексереді; мемлекет кірісіне ақшалай және басқа да өндіріп алу туралы атқару құжаттарын орындау кезінде заңдылықтың жай-күйін, сондай-ақ

прокурорлардың талап қоюлары бойынша шығарылған сот актілерін орындау кезінде заңдылықтың жай-күйін қорытады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 04.05.2016 № 91 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Департамент қолданыстағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, Бас Прокурордың және оның орынбасарларының тапсырмалары бойынша Парламент палаталары мен комитеттерінің, Үкіметінің, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарының жұмыс топтары құрамына қатысу, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының жобаларына қорытындылар дайындау арқылы норма шығармашылық қызметке қатысады.

4. Қорытынды ережелер

17. Атқарушылық іс жүргізу заңдылығын қадағалаудың негізгі көрсеткіштері мыналар болып табылады:

мемлекет пайдасына атқарылуы;

прокурордың талап арызы бойынша атқарылуы.

Мемлекеттің пайдасына атқарылуы заңда белгіленген орындау мерзімі бұзылған мемлекет пайдасына өндіру туралы қозғалған атқарушылық құжаттарға мониторинг жүргізу арқылы бағаланады.

Сол мақсатта осындай атқарушылық өндірістердің есебі жүргізіледі және мемлекет пайдасына өндіруге жататын орындау мерзімдері бұзылған атқарушылық іс жүргізулер бойынша прокурорлық қадағалау актілері негізінде өндірілген жалпы сомамен осындай атқарушылық іс жүргізулер бойынша өндірілуге жататын жалпы сомаға шаққандағы арақатысы есептеледі.

Прокурордың талап арыздарының атқарылуы прокурордың талабы мен арыздары бойынша қабылданған сот актілері негізінде қозғалған атқарушылық өндірістерге мониторинг жасау арқылы бағаланады.

Сол мақсатта олардың есебі жүргізіледі және саналады:

прокурордың талап арызы бойынша өндіруге жататын жалпы сомамен прокурордың нақты өндірілген сомаларды шаққандағы арақатысы есептеледі. Прокурордың мүліктік емес талап арыздары бойынша және жеке меншік нысандағы ұйымдардың мүдделеріне қатысты ақша өндіру туралы атқарушылық іс жүргізулер есепке алынбайды;

прокурордың мүліктік емес сипаттағы талап арыздары бойынша нақты орындалған сот актілерінің жалпы прокурордың мүліктік емес сипаттағы талап

арыздары бойынша орындауда болған сот актілеріне шаққандағы арақатысы есептеледі. Атқару парағының жазылуынсыз орындалатын сот шешімдерін қоспағанда (АІЖК 282-бабы), прокурордың мүлктік емес талап арыздары бойынша барлық атқарушылық іс жүргізулер назарға алынады.";

Төменгі тұрған прокуратуралардың қызметі басқада көрсетікіштер бойынша атқарылған жұмыстарының нәтижесімен бағалану мүмкін.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

18. Департамент атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру жөнінде төмен тұрған прокуратуралардың қызметіне басшылық жасауды және бақылауды қамтамасыз етеді, қадағалаудың осы саласындағы жұмыстың тиімділігін көтеруге қолдау көрсетеді, Бас прокуратураның басқа да бөлімшелерімен, Жоғарғы Сотпен, САОД-пен, ғылыми және оқу мекемелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 11.03.2015 № 41 бұйрығымен.

19. Бас прокуратураның департаменті қадағалаудың қазіргі заманғы әдістемелерін енгізу, атқарушылық іс жүргізу заңдылығына қадағалауды жүзеге асыратын прокуратура қызметкерлерінің біліктілігін оларды оқыту және тағылымдамадан өткізу, соның ішінде шет мемлекеттердің оқу орындарында, әдістемелік және практикалық көмек көрсету жұмыстарын жүргізеді.

20. Бас прокуратураның департаменті, облыс, Алматы, Астана қалаларының прокурорлары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және өзге де мамандандырылған прокурорлар бұқаралық ақпарат құралдарда заңдылық пен құқықтық тәртіптің жағдайын, қадағалау қызметінің қорытындыларын жариялау арқылы прокуратура органдарының бейнелік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді.